



КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақта «Балықшының аты шөлден өліпті» дейтін сөз бар. Мұны неге айтып отырмыз? Еліміз табиғи байлықтың ғана емес, астық пен төрт түлік малдың да отаны. Солай бола тұра, біз шетелден азық-түлік пен ет өнімдерін көптеп сатып алады екенбіз. Неге? Өзімізде жоқ па? Әлде барды ұқсата алмай отырмыз ба? Немесе Сарыарқаның астығы мен ұлы даланың төсін емген төрт түліктің етін халықаралық келісімшарттарды орындау үшін амалсыздан шетел асырып жатқан жоқпыз ба? Күнделікті тұтынатын азық-түлікті қымбат болса да, басқа елдерден сатып алуға мәжбүр екенбіз. Күлкiлi...

Күлкiлi болса да айтайық. Сол шетелден сатып алған азық-түлік пен ет өнімдерінің құрамынан шикiлiк шығып жатыр. Оңтүстік Кореядан келетін соя мен жүгері және кеспе өнімінің құрамында ГМО мөлшері артып кеткен. Ал көрші Ресейден алатын шұжық пен еттің құрамынан адам денсаулығына зиянды заттар табылды. Бұл туралы күні кеше еліміздің бас

айырмашылық бар? Сол соя мен жүгері біздің де ауыл-аймақта жайқалып өседі. Ет туралы әңгіме, тіпті бөлек. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты

әлі шетелден тасып жатырмыз. Бұрынғы ауыл шаруашылығы вице-министрі Төлеутай Рақымбеков газетімізге берген сұхбатында қойды Иранға тірідей сататынымызды айтқан. Ол «Қой шаруашылығын жандандырып, өсіріп, сойып, ет күйінде сатсақ, пайда көбірек түседі» — деді.

Қазақта: «Мал өсірсен қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» деген сөз бар. Ірі қараға қарағанда қой тез көбейеді. Төлеутай Рақымбеков сол сұхбатында «Ірі қараны біз жыл сайын 6 пайыздан көбейтіп, 10 жыл ішінде экспортта жоспарланған 70 мың тоннаға жеткізе аламыз дегенге мен сенбеймін. Ал қой шаруашылығынан 4-5 жылдың ішінде 200 мың тонна етті экспортқа шығаруға мүмкіншілік бар. Оның ішінде өзіміздің ішкі

АЛЫСТАН

АРБАЛАҒАНША...

санитары Жандарбек Бекшин хабарлады.

Жылына 20 миллион тонна астық оратын қазақ елінің теңіз түбегіндегі аядай ғана Кореядан соя мен жүгері сатып алғаны, тіпті бидайдың отаны бола тұра, кеспе сатып алғанымыз, шынында, ақылға сыймайтын әңгіме.

Алдар көсенің әлдебір әжуасында айтылғандай, ақымасқ бай Алдарға қатты алданып, хан сарайындай үйін, қазы-қарта, қымыз-қымыранын менсінбей, өмірін ұзарту үшін қырық күн кедейдің қырық шоқпыт лашығына қонып, қара су мен қатқан нан жейтін жері бар еді. Ал Алдар бай үйінде май шайнап жатып алады. Бұл да соған ұқсайтын көрініс. Қазақстанға сонау Оңтүстік Кореядан жүгері тасып, кеспе әкелуіміз — Алдарға алданған байдың көбін кигеннен не

ұлттық сараптама орталығы шетелден келетін импорттың көзбояушылығын жайып салыпты. Құжатта сиыр еті деп көрсетілген өнімнен тауық еті шыққан. Тіпті қымбат еттің орнына арзанын салған мысал да жеткілікті. Сиыр еті салынған қалбырлан сояның ДНК-сы табылса, халал маркалы шұжықтан шошқа еті шығыпты. «Адал деген қазаннан шошқа еті шықты» деген осы шығар.

Осыдан 5-6 жыл бұрын Асылжан Мамытбеков ауыл шаруашылығы саласын басқарып тұрғанда «жылына 60 мың тонна етті шетелге сатамыз» деп, уәде берген еді. Олан бері де біраз жыл өтті? 60 мың тонна етті сатпақ түгілі, оны

нарығымызды,

халықты

толығымен қамтамасыз ете аламыз» — деген. «Ет дегенде бет бар ма?» дейтін қазақпыз. Кеңес үкіметінің кезінде әр адам 83 келі ет жесе, қазір бұл көрсеткіш 55 келіге түсіп қалыпты. Бұл біздің етті аз тұтынатынымызды көрсетпейді. Қайта мал басының азайып, еттің тіске емес, түске кіретінін аңғартады. Бұл да барды бағаламағандық.

Ет десе, шенеуніктердің көзіне ірі қара елестейді. Қой-қозыны місе тұтпайды. Алайда Шопан ата түлігінің еті ғана емес, жүн-жұрқасына дейін қып-қызыл ақша. Ұзын сөздің қысқасы: астық пен еттің отанында отырып, кеспені Кореядан, етті терістіктегі көршіден сатып алғанымыз атын шөлден қаталатып өлтірген балықшының кебіне келетіндей.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ҚАЛАМҒЕР МЕРЕЙІ



«ТҰЛҒАСЫН ГАЗЕТІНЕН ТАНИМЫН»

«Алматы ақшамы» газеті өзінің қоғамдық қызметін адал атқарумен үлкен абыройға ие. Алматыны сағынбайтын, жақсы көрмейтін адам жоқ болса, «Алматы ақшамы» газетін де жақсы көрмейтін адам жоқ деуге әбден болады. Оның оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленуінде газетті шығарушы ұжым мүшелерінің және Бас редакторы, Президент сыйлығының иегері Қали Кошқарұлы Сәрсенбайдың еңбегі ерен. 1988 жылдан бері үздіксіз шығып келе жатқан газеттің жеңісті де жемісті дәстүрінің қалыптасуына Қали Сәрсенбайдың қосқан үлесі өлшеусіз екені елге аян. Күннен көлеңке іздемейтін, жалаң сенсация құмайтын, кәдімгі жұрт оқитын зиялы, биазы, қоныр, әдемі бұл газет бүгінде Қазақстанның барлық облыстарына тарайды. Газеттің мұндайлық табысы тілді білетін, кәсіби білім-білігі жоғары, жан-жақты сауатты, парасатты, талғамы биік, сан түрлі адамның жан-дүниесінің де, тілінің де кілтін таба алатын, іскер, еңбеккор редакция қызметкерлерінің арқасы және оларды дұрыс бағыттап отырған Қали Сәрсенбайдың шеберлігінің жемісі. Әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің бірі Мұзафар Әлімбаевтың:

«Алматы ақшамы» газетіндегі,
Үш мезгілдік ауқаттың қажетіндегі,
Халық ризалығын білдірсе керек. Сөзі мәнді, өзі сөнді газеттің маңдайындағы «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деген жазу кімді болса да бір селт еткізеді. Десе дегендей, газет өзінің сол төл айдарына лайық шығады. Газет, расында да, алматылықтардың шамшырағы: онда қалалық әкімдік пен мәслихаттың жұмысы, Алматының әлеуметтік-экономикалық өмірі, тарихи, мәдени, рухани қазыналарымыз жан-жақты көрініс табады, алдағы бағыт-бағдар көрсетіледі. Қалалық әлеммен шектелмей, газет республикамыздың да, төрткүл дүниенің де жаңалықтарынан хабардар етеді. Әрине, газет әспеттеуге зәру емес, оның бағасы оқырмандарының көптігінде, отбасының рухани қорынан табылуында. Өзім мұғалім болғандықтан, оның жас ұрпаққа берер тәліміне ғана назар аударғым келеді.

«Алматы ақшамының» қай санында да танымдық-тәрбиелік ақпараттар, мақалалар басым тұратыны біздерлі — мұғалімдерді қуантады. Бұл орайда тарихи тұлғаларымыз бен бүгінгі қайраткерлеріміздің легі үзілген емес. «Тұлға арқылы, тарих арқылы тәрбиелеу аса маңызды. Тұлғалардың өмірін оқыған адам тарихты өз-өзінен біледі», — дейді Бас редактор Қ.Сәрсенбай. «Тұлғатану», «Тұлға-тағдыр», «Адамдар. Жылдар. Тағдырлар», «Бұрынғының адамдары-ай!», т.б. айдарлармен жарияланған тарихи-танымдық материалдарды, белгілі қайраткерлердің күнделіктерін, сұхбаттары мен мақалаларын, жасыратыны жоқ, мектепте іздеп оқимыз, оқу-тәрбие ісінде ұстаздарымыз кен пайдаланады.

«...Тұлға — ең алдымен, халық мойындаған адам. Ол екі сөйлемейтін, ел көкейіндегі сөзді айтатын, парасат-пайымы, білім-білігі асып-тасқан, жұртты адастырмайтын, алға бастайтын адам», — деп Қали Сәрсенбайдың айтқаны іште жатқан талай ойдың жауабындай сезіледі маған. Мен Қали інімнің өзінен де, газетінен де осы қасиеттерді көремін, жазғандарынан осы зиялылықты танимын.

Қ.Сәрсенбай бағдаршам-шамшырақ биігіне көтеріп, өрлетіп отырған «Алматы ақшамы» халқымыздың имандылық мәдениетін де қалыс қалдырмай, газетке қапталдастыра жүктеп отырады. «Иман — адамгершіліктің рух жақындарының нысаналы нысанасы. Ең қасиетті сенім мен сезімнің жиынтығы.

(Жалғасы 8-бетте)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТАРИХЫН ОҚЫМАҒАН ҰРПАҚТЫҢ КӨСЕГЕСІ КӨГЕРМЕЙДІ



Қалада көпқабатты үйлердің арасындағы алаңқайларда немересін қыдыртуға шығатын осы заманғы әжелерге қарасаңыз, бір қолында смартфон, бір қолында арба. WhatsApp-та отырады. Бір жастағы немересінде де ұялы телефон. Оған ютубтан «Машаны» қосып беріп қойған. Бір жасқа толмай смартфонмен алданып тамақ ішіп отырған немерелеріміз, қазіргі ұрпақтан да сорақы бола ма деп қорқамын.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
71,29

DOLLAR
379.33

EURO
427,77

РУБЛЬ
5,87

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Жасауымды байтар!

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Үндеуі осы аптаның басты жаңалығы болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымына тағайындағанын мәлімдеді. Қ.Тоқаев Үндеуде: «Мен бұл жауапты шешім бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ақылдастым. Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңестім. Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгіндім. Парламенттегі партия жетекшілерімен кездестім. Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау — өте маңызды әрі қажетті кадам», — деді.

басшысы Nur Otan партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, Қазақстан коммунистік халық партиясы орталық

президенттігіне кандидатура ұсынуымыз керек.

Реформалар, даму, азаматтық қоғам — партияның жұмылдырушы негізі. Қоғамның тұрақтылығы, халықтың бірлігі мен келісімі өсіп-өркендеуіміздің басты басымдықтарына айналды. Азаматтарымыздың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету және Қазақстанды әлеуметтік мемлекет ретінде дамыту мәселесі басым бағытымыз болып қала береді», — деді.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев сайлауды толығымен ел заңнамасына сәйкес және барлық демократиялық нормалар мен рәсімдерді сақтай отырып өткізу қажеттігіне назар аударды.

Әлемдік экономика және



ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Қасым-Жомарт Кемелұлы жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысқанын, мұны бүкіл әлем қоғамдастығы түсіністікпен және құрметпен қабылдағанын жеткізді. Ел ішіндегі тыныштық пен береке де еліміздің іргесін нығайтты. Президент сайлауы осыған тағы да бір дәлел болуы керек. Ол: «Қазақстан — демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады. Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл — менің берік ұстанымым», — дей келе, ел-жұртты сайлауға барынша жауапкершілікпен қарауға, белсенділік танытуға шақырды.

Шын мәнінде, келешегіміз әр отбасы мен әр азаматтың шешіміне тікелей байланысты. Осы орайда Мемлекет

комитетінің хатшысы Айқын Қоңыров және «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы Әли Бектаевпен кездесті. Бұл жүздесуде саяси нақанды ұйымдастыру мен өткізудің жолдары қарастырылды.

Мемлекет басшысының мәлімдемесінен кейін ресми тіркелген партиялардың төрағалары мен белгілі саясаттанушылар, қоғам қайраткерлері Президент сайлауына қатысты пікір білдірді.

Елбасы, Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев партияның орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерімен кеңесте алдағы сайлауға белсене қатысатындығын жеткізді. Ол: «Бұл сайлау биліктің заңдылығын одан әрі нығайтып, елімізде тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет. Енді бізге партияның съезін өткізіп, ел

саясат институтының директоры Ержан Салтыбаев та айтылып жатқан пікірлердің маңыздылығына тоқталды. Ол: «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сақтау үшін билік ауысымы үдерісін барынша тезірек аяқтау қажет. Сол кезде ғана ұзақ мерзімді міндеттер мен күн тәртібіндегі әлеуметтік маңызды бағдарламаларды, жобаларды жүзеге асыру жоспарында айқындық орын алады. Түрлі болжамдар сөйледі», — деді.

Қысқаса, кезектен тыс Президент сайлауы маусымның 9-ына дөп келді. Енді сайлау барысында сабыр сақтап, әркім болашақ Президентті жүрек қалауымен таңдауына мүмкіндік бар.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Әлеумет.t⁰



БАЙҚОҢЫР БІЗГЕ ҚАРАЙДЫ, БІЗ...

Байлығымыздың бір бөлшегі Байқоңыр еді. Ғарыш кемелеріне сәттілік тілеп, жұртқа тәтті үміт сыйлаған қала нарық экономикасы басталғанда амалсыздан Ресейге жалға берілді. Анау-мынау емес, жарты ғасырға! Осылайша үй ішінен үй тігілді. Ақысына азын-аулақ қаражат алатын болдық. Көп сұрауға ұялдық па, әйтеуір құнының қалай белгіленгені белгісіз. Қалай дегенде де көршінің көңілін қалдырмадық. Алайда 76 мың тұрғыны бар қалаға дұрыс көңіл бөлмеу салдарынан инфрақұрылым дамымай қалды. Одан қала берсе, құдайы көршіміз бес жыл бұрынғы «Протон» апаты үшін төлеуге тиісті 13 миллиард теңге өтемақыны беруді бұталаққа салды. Сенат депутаты Мұрат Бактиярұлы: «2013 жылы шілдеде Байқоңырда «Протон» зымыраны құлап, ауаға 600 тонна гептил тараған болатын. Сол кезде министрлік осының шығыны 13 миллиард теңге деп есептеп, тиісті қағазды Ресейге берген. Бірақ осы кезге дейін хабар жоқ. Осыған байланысты, мәселелер қашан шешімін табады? Таппайтын болса, зымыран ұшырылатын алаңдарды ғана Ресейге қалдырып, Байқоңыр қаласын Қазақстан құзырына қайтару керек», — деді.

Қызылорда өңірінен сайланған депутат жылына екі рет Байқоңыр қаласымен бірге Төретам, Ақай елді мекендерін аралап, тұрғындармен, кәсіпкерлермен кездесіп тұрады екен. Байқоңыр қаласындағы жұрттың 70%-ға жуығы Қазақстан азаматтары. 1995 жылдан осы кезге дейін Байқоңыр ғарыш аймағына байланысты 18 ратификация мен құқықтық акті қабылданған. Енді 19-шысы қабылдануда. Өкінішке қарай, Байқоңырда тұратын Қазақстан азаматтарының көптеген мәселесі әлі де шешілмеген. Депутаттың айтуынша, тариф өте қымбат. Байқоңыр қаласында кәсіпкер несие алу үшін жерді жалға алуға байланысты банктегі ғимараттарды қоя алмайды. Бұл мәселе 10 жыл бойы көтерілсе де, ешқандай шешімін таппаған. Қосарланған салық төлеу де күрделі күйінде қалған. Мысалы, біздің кәсіпкер қосымша құн салығының 12%-ын — Қазақстанға,



тауарды алып келген соң 20%-ын Ресейге төлейді. Нәтижесінде Тауар 32% -ға қымбаттайды. Қаласының инфрақұрылымына қатысты да түйін бар. Осы кезге дейін Ресей тарапынан бір тиын ақша салынбаған. Депутат: «Біз де қаржы сала алмаймыз. Өйткені Байқоңыр қаласы Ресейге жалға берілген. Жоғарыда айтылған мәселелер қай уақытта шешімін табады?», — деп цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне сұрақты төтесінен қойды. Бұл сұраққа жауап берген вице-министр Марат Нұрғожин барлық мәселе мемлекетаралық комиссияның бақылауында екенін айтты. Ал қаланы кезек-кезеңімен жалға беруден шығару Қазақстан тарапынан күн тәртібінде тұр. Ол: «Біз еліміздің ішкі мемлекеттік органдарымен бірге осы жағдайдағы артықшылықтарды және кемшіліктерді егжей-тегжейлі талқылаудамыз. Роскосмос басшылығымен ауызша талқылады. Бұл онай мәселе емес. Басым жағы да, осал тұсы да бар», — деді.

Ол нақты сұрақтарға да жауабын беріп, тариф бағасын төмендету қалай жүзеге асатынын айтып берді. М.Нұрғожиннің айтуынша, Қазақстан тарапы Байқоңыр қаласындағы сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеп жатыр. Ал қосарланған салықтан босату туралы Ресей Мемлекеттік думасында заң жобасы қаралмақшы. Сонымен, Байқоңырдың беті бізге бұрыла ма? Мұны уақыт көрсетеді.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ



Сөз-Жебе

Дәурен АБАЕВ, ақпарат және қоғамдық даму министрі:



«Біз жас ұрпақтың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруымыз керек. Қазіргі жастар өз пікірлерін ашық айта алады. Олар бәсекеге қабілетті, білімге құштар. Ең бастысы, олардың санасына жат ағымдарға қарсы мықты иммунитет қалыптастыру маңызды. Біз бай мәдениетіміз, ерекше салттарымыз, айрықша тарихымыз бар мемлекеттерміз. Сондықтан фанатизмге, діни консерватизмге, дәлелсіз қағидаларға беріліп кетпей, тура жолдан таймай, дінді дұрыс қырынан насихаттай білуіміз керек деп ойлаймын».

1+2

Рахман АЛШАНОВ, ЭКОНОМИСТ:



«Қазақстандықтардың банк алдындағы қарызы жылдан-жылға көбейіп, оны төлеу қиынға соғуда. Қарызы бар азаматтарды банк комиссиясынан босату бұрыннан қарастырылған мәселе. Қазір банктер пайызын көтереді дегенге күмәнім бар. Ұлттық банк осындай мәселелерді бақылап отыруы тиіс. Ал комиссиядан босату тұрғындарға қарызын өтеуді жеңілдетеді».

Светлана РОМАНОВСКАЯ, ҰЛТТЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАР ЛИГАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Несие бойынша комиссия мен максималды пайыздық мөлшерлемені шектеу 2018 жылы енгізілген болатын. Қазір заңды тұрғыда орындалуда. Бұл үрдісті бұрыннан қолданысқа енгізуіміз керек еді».



Ұлттық банк:

«Әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ жекелеген қарыз алушылардың



жағдайын жақсарту мақсатында банк биыл 2 сәуірден бастап келешек кезеңдер бойынша несиелерге қызмет көрсетуге байланысты ай сайынғы төлемдерді біржақты тәртіпте жоюға шешім қабылдады. 2016 жылғы 1 шілдеде, жеке тұлғаға берілген банктік қарыздарды беру және қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен басқа да төлемдердің тізімі бекітілді».

Мұрат БАКТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:

«Біз мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын 30% -ға көтереміз. Бірақ бұл соншалықты көп емес. Өйткені есепте қолданылған базалық жалақы 2011 жылы бекітіліп, 17 690 теңгені құрады. Яғни бұл күнгеріс деңгейінің 40% ғана. Соңғы бес жылда төңгеміз екі еседен артық құнсызданды. Бұл азық-түлік пен тұтыну тауарлары бағасының өсуіне әкелді. Бұл қарапайым адамдарға, әсіресе халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына қаты әсер етті. Жұмыссыздық пен кедейлік үкімет тарапынан үнемі назар аударуды талап ететін мәселе болып тұр».

Бердібек САПАРБАЕВ, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Биылғы жылы мемлекеттік саладағылардың жалақысын көтеруге 115,7 миллиард теңге бөлінеді. Бұл өсім денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда жұмыс істейтін 1 миллионнан астам мемлекеттік қызметкерге әсер етеді. Сонымен қатар 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап аудандық және облыстық деңгейде азаматтармен тікелей жұмыс істейтін атқарушы орындардың қызметкерлеріне жалақы төленеді. Жалақының ұлғаюы ауылдар, аудандар мен өңірлер деңгейінде жұмыс істейтін 78 мыңға жуық мемлекеттік қызметкерді қамтиды. Жалақының орташа өсімі – 25%».



Қызықтан қызықтары

ЖАСАУ СОТҚА СҮЙРЕДІ

Ақтөбелік ажырасқан көліншек сүйіп қосылған күйеуін сотқа сүйреді.

Жастардың басы қосылмаған соң, қыздың туыстары екі жасқа тарту еткен төсек-орын, үйге қажетті заттар мен ылдыс-аяқты қайтарып алуды жөн көріпті. Барлығы 700 мың теңгеге бағаланған. Құдалар сот барысында татуласа алмаған. Ақыры екі жақ «Отбасылық сот» жобасы арқылы көз құртына айналған мүлікті бөлісуге тура келді. Қыз жақтын шағымы толық қанағаттандырылды.



Пікір

Президент Қ.Тоқаевтың Мәскеуге сапары барысында Ресей тарапы елімізде АЭС салуды ұсынды. Терістіктегі көрші стансаны орыс технологиясымен салынғанын қалайды. Біздің үкімет бұл мәселеде асықпайтынын, халықтың пікірі ескерілетінін, әсіресе қандай технология қажеттігін өзіміз шешетінімізді мәлімдеді. Дегенмен, АЭС салу мәселесі қоғамда қызу талқыланып жатыр. Осыған орай депутат пен ғалымның пікірін білдік.

ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІ ТАҢДАЙЫҚ

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

АЭС салу мәселесі ұзақ жыл көлемінде болып жатқан әңгіме. Дамыған елдерге



қарасак, солардың көпшілігінде АЭС бар. Олар өткен ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап сала бастады. XX ғасырда энергияның екі түрін ғана пайдаландық. Бірі – көмір, бірі – мұнай. Ал

90-жылдары әлемде электр энергиясын өндірудің баламалы жолы пайда болды: Жел, күн. Қазір көмір жағып, одан электр энергиясын алатындар жоктын қасы. Көбі АЭС, су электр стансасы немесе басқа да баламалы көзге ауысқан. Еліміз тұрғындарының саны 18 миллион. Көмірдің де, газдың да қорына баймыз. Біз энергияны су электр стансасынан, жылу электр стансасынан аламыз. АЭС атымен жок. Бес жыл бұрын Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасында келісім болды. Ол бойынша Оңтүстік Корея Балқаш манынан жылу электр стансасын салуы керек еді. Екібастұздың көмірін пайдаланатын болды. Бірақ экологиялық зардабы көп болатындықтан, халық шулап, Парламент депутаттарының біразы қарсы шықты. Сөйтіп, ол тоқтады. Алайда жылдан-жылға электр энергиясына сұраныс артып барады.


Еліміз уран қоры бойынша әлемде бірінші орында, өндіру бойынша екінші орында тұр. Бәріміз уранды қару жасауға ғана пайдаланады деп ойлаймыз. Алайда уранды бейбіт жағдайда да пайдалануға болады. Әлі күнге уранды шикізат түрінде сыртқа сатамыз. Бағасы да қымбат емес. Ендігі мәселе – осы шикізатты өңдеу, тауар ретінде сату күн тәртібінде тұр. Бірақ оған мемлекеттің мүмкіндігі жетпей отыр. Шынын айтқанда, қомақты қаржы керек. Сондықтан АЭС салу мәселесі көтеріліп отыр. Бізде уран бар. Оны келешекте көрші Қытайға, Өзбекстанға сатуымызға болады. Экономикалық жағынан тиімді. Бірақ экологиялық жағынан тиімсіз. Оны тиімді ету үшін біз АЭС-ын Ресейдің емес, ең дамыған елдердің технологиясымен салуымыз керек. Ресейдің технологиясын жоғары деңгейде деп айта алмаймын. Жапонияда цунамидің кесірінен АЭС жарылып, экологияға көп мөлшерде зиян келді. Жапония соны ең озық технологиямен салған. Осындай жағдайлар бізді ойландыруы керек. Сондықтан АЭС-тің салынатын орнын айқындауымыз керек. Мысалы, Сарыарқа, Бетбақдала бар. АЭС салынатын жерде халық аз тұруы керек. Бұл – бір. Екіншіден, ең үздік технологиямен салған жөн. Осы екі нәрсе ескерілсе, онда қазақ жеріне атом стансасын салуға болады. Біз атом мен ураннан қорықпауымыз керек. БАҚ-та негізсіз, дәлелсіз ақпарат көп тарап кетті. Әлемдік өркениет көшінен қалмауды біреуі айтпайды. Ерте ме, кеш пе, бізде газ қымбаттайды. Газдың, мұнайдың қоры азаяды. Олар азайса, электр энергиясы қымбаттайды.

Иә, баламалы энергия көздері де пайдаланылып жатыр. Былтырғы ЭКСПО-2017 көрмесінің максаты да осы болатын. Бәрінен де қызығы, АЭС бүгін-ертең қолға алынатын нақты жоба емес. Алдағы он жылда да салынуы екіталай. Ол үшін миллиардтаған доллар қаржы қажет. Алдымен, зерттеу жүргізілуі тиіс. Сондықтан сабыр сақтайық.

ҚҰАТТЫ ЭНЕРГИЯ

Жексен ТОҚТАРБАЙ,
ҒАЛЫМ-ХИМИК:

Қазір 31 мемлекетте АЭС бар. Осы арқылы энергия мәселесін шешіп отырған мемлекеттер жеткілікті. Мысалы, Францияның энергия қорының – 72, Украина – 55, Словакия – 54, Бельгия мен Венгрия 50 пайыз атом энергиясынан алады. АҚШ атом энергиясын ең көп өндіруші ел болып саналады. Енді осы АЭС салудың тиімді тұстарына тоқтайық: Біріншіден,



энергия құны арзан болады. Негізгі отын – уран. Елімізде уран қоры жеткілікті. Шикізат арзан болса, энергия да арзанға түседі. Екіншіден, атом энергиясы энергияны өте көп береді. Салыстырар болсақ, 1 кг көмір толық жанғанда 8 киловатт сағат энергия берсе, 1 кг мұнай толық жанғанда 12 киловатт сағат энергия береді. Ал 1 кг ураннан 24 000 000 киловатт сағат энергия бөлінеді. Демек, көмір және мұнай өніміне қарағанда, 2-3 миллион есе көп энергия береді.

Үшіншіден, қоршаған ортаны ластайтын газ аз бөлінеді. Егер 1 кг уран бөлетін энергияны көмірден алсақ, ауаға шамамен 10 000 тонна зиянды газ таралады. Бұл газ экологиядан тыс адамның тыныс жолын ауыр деңгейде зақымдайды. Зиянды жақтарына келсек:

Экологиялық әсері. АЭС-те энергия өндіруден қалатын қалдық өте радиоактивті болғандықтан, олар сыртқа тарап кетсе, одан орасан зор мөлшердегі радиоактивті сәуле таралады. Экологияға орасан зор зиянын тигізеді. Мәселен, адамдар үшін қатерлі ісіктің алуан түрін тудырады. Генетикалық мутацияға ұшыратады (*құбыжық балалар өмірге келеді*) т.б. Ал жануарлар осы сияқты дерттен жаппай қырылады.

АЭС құрылысы қымбат. Мысалы, Жапонияның әйгілі Hitachi компаниясы Ұлыбританияға АЭС салып бермек болған. Құрылысы 2020 жылы басталатын екі атом реакторының құнын 17 миллиард долларға бағалапты. Бұл BBC-дің дерегі. Ресей АЭС салып бермекші? Ресейдің сынақ ретінде ең алғашқы АЭС-і Қазақстанда, Ақтауда Каспий теңізінің жағасына салынған BN-350 реакторы болатын. Бұл реактор 1964 жылдан бастап 1993 жылға дейін жұмыс жасаған. Бұл реакторды Каспий теңізінің суын тұштытуға пайдаланылды. Қазір Ресейде РБМК-1000 және РБМК-1500 деген ректорлар қолданыста бар. Мәселен, 1986 жылы жарылып кеткені РБМК-1000 болатын. Бізге де осы аталған реакторлардың бірін салып беретіні сөзсіз. Егер бізде АЭС салынатын болып шешілсе, техникалық жағын және сапасын қатаң бақылауда ұстау керек. Сосын, олар жаңадан сала ма, әлде өздері қолданбай тұрған ескі реакторларының біреуін әкеле сала ма? Сол жағын да тексеру керек деп ойлаймын.

Қорытындыласақ, АЭС бізге шынымен де қажет пе? Бізде соншалықты энергия тапшылығы бар ма? Миллиардтаған доллар жұмсалған жоба өзін ақтай ма? Ертен толық қуатында жұмыс істей ме? Ірі индустриалды ел болмағандықтан, сонша көп энергия қажет пе? Қытай және АҚШ сияқты үлкен индустриалды елдер өздерінің энергиялық қажетін қанағаттандыру үшін АЭС-ті көптеп салып жатыр. Ал Германия бастаған Батыс елдері өздерінің қолданыстағы АЭС-ін зиянды жақтарынан алаңдап, жауып жатыр.

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Сайлау – 2019

ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЗОР ОҚИҒА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 маусымда бүкілхалықтық Президент сайлауы өтетінін мәлімдеді. Бұл шынында да өте маңызды саяси, әлеуметтік, тарихи маңызы бар қажетті іс деп ойлаймыз. Себебі әр нәрсеге айқындық керек. Мемлекетте билік алмасқан кезде уақытша басқару да тарихи қажеттіліктен туған. Ал енді бүкілхалықтық заңды сайлау өткізу, заңды президент сайлап алудың дәл осы жерде тарихи мәні бар.

Еліміз осы жылдар ішінде экономика, саяси, мәдени, өркениет жағынан үлкен жетістіктерге жеткен болса, оны ары қарай дамыту, белгіленген межелерге жеткізу де алда тұрған міндет. Соған еліміздің дамуын ұштастырып, үлкен биіктерге қол жеткізуге көзделген мақсат-мұраттар бар. Осы орайда сайлау үлкен рөл атқаратынын байқаймыз. Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та алдағы сайлауға баса мән берді. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің заңды құқығын пайдаланып, Қазақстан Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл сайлау биліктің заңдылығын одан әрі нығайтып, елімізде тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет.

Сыртқы саясатта да Қазақстанның беделі жылдан-жылға өсіп келеді. Озық елдермен терезесі тең үзетінлес жағдайларға жеттік», – деді.

Шынында да, жетістігіміз жетерлік. Табысымыз толағай. Осы үрдіс болашақта да жалғаса берері анық. Ал сайлау осы үрдіске дем береді. Бұл тұрғыда мемлекет басшысының «Сайлаудың демократиялық, әділ, таза, өтуіне мен өзім кепіл боламын» деген сөзі көкейіме қонды. Бұл дегеніміз – «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген қазақтың мақалын келтіріп отырып айтқанда, халықтың жағдайын ойлап отырғаны да көрініп тұр. «Ел бірлігі, ынтымағы бұзылмасын» деген ойларға қосылмайтын адам жоқ. Қаламгерлер қашанда халықтың, елдің тұтастығын ойлайды. Саяси партиялар елді жік-жік, жан-жаққа бөлмейді деген сенімдеміз. Олардың да таянышы тірегі – халық. Партиялардың өзін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ауызбіршілікте болғанын қалаймыз.

Осы сайлау еліміздегі демократия қандай деңгейде екенін жалпақ әлемге танытады ғой деген ойдамыз. Қалай болғанда да біздің халық өзінің өркениетті жолдағы ел екенін осы сайлауда бір көрсететін шығар.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады. Бұл – менің берік ұстанымым! Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни Сіздерге сенемін», – деуі бәрімізге қанат бітіреді, сенім ұялатады. Сайлау сәтті өтсін делік!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы

БОЛАШАҚТЫ БІРГЕ ЖАСАЙЫҚ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Үндеуі жұрттың назарын аударған мәселенің бірі де бірегейі болды. Президент өз сөзінде: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз. Алдағы сайлауға баршанызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры Сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!» дегенді өте орынды айтты. Сондықтан осы сайлауда белсенділігіміз өте қажет.

Бұл сайлау – ел-жұрт күтін жүрген сайлау. Өйткені болашақта мемлекетті кім басқаратыны ешкімді де бей-жай қалдырмағаны анық. Сондықтан 9 маусымда өтетін кезектен тыс Президент сайлауы саясаттағы үлкен оқиға болмақ.

Рас, біз мықты мемлекет құрдық. Бірақ мемлекеттің орнықтылығы билік ауысқанда ғана белгілі болады. Мысалы, Украина мен Қырғызстандағы президент сайлауын алып қаралық. Оларда халықтың көтерілуі, билікті ауыстыруға бейімділік бірден байқалады. Қит етсе төңкеріс. Бірақ осыдан халықтың тұрмысы жақсарып кетті деп айта алмаймын. Сайлау халықтың мәдениетін көрсетеді. Бұл жағынан баршаға өнеге көрсете аламыз. Кезекті сайлаудың да ауызбіршілікте өтеріне күмәнім жоқ. Әркімге әртүрлі адам ұнайды. Мәселе адамда емес, мәселе – процесте. Менің ойымша, бәріміз белсенді болуымыз керек. Саяси реформаларға қатысып, жағдайымызды жақсартуға ортақ амал қарастырайық. Мысалы, қазір біреулер сайлауға қатысты заң ұнамайтындығын айтады. Алайда осы сайлаумен өмір бітпейді ғой. Керісінше, осы сайлаумен өмір жаңаша басталады. Сондықтан мемлекетке негізгі жүз жылдық перспективамен қарағанымыз жөн. Сайлауға сеніммен барайық. Өзгерістерді дұрыс қабылдап, тыныш өмір сүруге дағдыланаыық. Болашақ ұрпаққа мықты мемлекеттің тізгінін тапсырайық. Бұл сайлау жай ғана сайлау емес, болашағымыздың сайлауы. Менің ойымша, келешекте елді басқаратын азамат жастарға көп көңіл бөлгені дұрыс. Өйткені қазіргі жастар басқаша. Өзгеше ойлайды. Олар кейбір нәрсені көп күткісі келмейді. Бүгінгімен өмір сүреді. Интернет дамыған заманда ақпарат көзі ашықтығын барынша пайдалануды ойлайды. Осыған орай болашақ президент күрделі әрі заманауи реформалар жасаса деген ой бар. Президент ауысқан сайын оның өз қолтанбасы болады. Сол қолтанба халық тұрмысының оналуынан анық байқалады. Еліміздің Тұңғыш Президенті салған сара жол одан әрі жалғасып, әлеуметтік мәселелер жедел шешіліп отырса, нұр үстіне нұр болар еді.

Ең бастысы, мемлекетті басқаратын адам өз ісіне адал болуы керек. Міне, сондай азаматты тандап, болашағымызды өзіміз жасауға септігімізді тигізейік. Сайлаудан қалыс қалмай, болашағымызды бірге жасайық!

Талғат ҚАЛИЕВ, саясаттанушы

Капиталистік РЕАЛИЗМ




Фото: Жазира БЕҒАЛЫ, фейсбук

ШЕГІРТКЕ 2,1 МЛРД ТЕҢГЕ СҰРАЙДЫ

Елімізде шегірткеге қарсы күрес басталды. Қауіпті жәндік бірінші болып бас көтеретін аймақтарда сақтық шарасы қолға алынды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлағандай, Түркістан өңірінде Марокко шегірткесіне қарсы 84 мың гектар жер өңделмекші. Қазір 51 мың гектарды өңдеуге арналған препарат жеткізілген. Әсіресе Өзбекстанмен шекаралас аумақтарға шегірткенің тосыннан қоныс аударуын қалдағалау көзделуде. Аймақта 2017 жылы



марокколық шегірткеге қарсы 172 584 мың, былтыр 258,9 мың гектар жер өңделген. Бұл дерек «шырылдауықтардың» шапшаң көбейгенін дәлелдейді. Жамбыл облысында да мамандар бас қосты.

Облыста марокколық, италияндық және азиялық шегірткеге қарсы жерді өңдеу 20 сәуір басталады. Зиянкестерге қарсы 184,5 мың гектар өңделеді. Елімізде зиянды және аса қауіпті зиянкестердің таралуы 3,9 млн гектарға жететіні болжануда. Оның ішінде 950,4 мың гектарда шегіртке, 2,3 млн гектарда астық дақылдарының ауруы кездесуі мүмкін. Сондықтан сактану үшін республикалық бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлінеді. Оның 2,1 млрд теңгесі тек шегірткені жоюға арналады. Бұл жұмыстарға 2 мыңнан астам маман, 12 ұшақ, 18 женіл ультра женіл авиация (ALS) жұмылдырылады.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Сұхбат

Өткен ғасырда елімізде 38 миллионға жуық қой

болды. Жылына 100-105 мың тонна жүн өндірілді. Оның 60-65 пайызы жоғары сапалы. Биязы жүн 12 мемлекетке саудаланған. Нарық экономикасы басталысымен осындай кереметтер қолдан сусып кетті. Биязы жүн бизнесінің тығырыққа тірелуі жергілікті жеңіл өнеркәсіпті тақырға отырғызды. Енді бұрынғы жетістікке қайта қол жеткізудің жолы бар ма? Жалпы қой өсірудің келешегі қалай болмақ? Осы секілді сұрақтарды Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Мұсабаевқа қойдық.

Жас qazaq: Елімізде жеңіл өнеркәсіп тоқтап тұр деуге болады. Алайда бір кездегі Жамбыл тері илеу фабрикасы, Қарғалы шұға комбинаты, Қостанай мен Семейдегі жүн өңдеу фабрикасын қайта қалпына келтірудің мүмкіндігі бар ма?

Бақытжан Мұсабаев: Еліміз қой шаруашылығының отаны еді. Бұл байлықтың игілігін әлемнің оннан астам елі де көрді. Жеңіл өнеркәсіптері бізден алған биязы жүнмен толық қуатында жұмыс істеді. Қазіргі жағдаймыз қалай?

Жамбыл облыстарының үлесі осы көрсеткіштің 75-80%-ын құрайды. Ал сапалы жүннен иірілген жіпке қажеттілік өте жоғары. Ішкі, әсіресе сыртқы нарықта сұраныс зор. Бірақ соған сай жұмыс жоқ. Даму деңгейі төмен жеңіл өнеркәсіпті 9% ғана қамтып отырмыз. Әлі күнге импортқа тәуелдіміз. Ол экспорттан 10 есе артық. Экономикалық тәуелділіктен арылу үшін еліміздің халқын кемінде 30% көлемінде өзіміз тауармен қамтамасыз етуіміз қажет.



ЕДІЛБАЙ ҚОЙЫ ЕЛ МАҚТАНЫШЫ БОЛУЫ ТИІС

Биылғы жылдың басындағы санақ бойынша еліміздегі қой саны — 16 миллионға тең болды. Өсім бар. Бірақ өте баяу. Бұрын биязы жүнді қой тұқымының үлесі 50-60% болса, қазір 20% деңгейінде. Бұрын 1 келі биязы жүн — 7, 1 келі қой еті 1,30-1,40 рубль еді. Қазір 1 келі биязы жүн бағасы 1000 теңгеге әзер жетеді. Қой етінің бағасы 1700 теңгенің айналасында. Осының барлығы өңдеу өнеркәсібінің жетілмегендігінен. Жүн өңдеу де, ет өңдеу де ұмытылды. Айталық, Қостанайда, Алматы облысының Қарғалы ауылында мыңдаған адамды тұрақты кәсіппен қамтыған, жүн өңдейтін кәсіпорындар жұмыс

Егер биязы жүн өндірісін дамытар болсақ, қой шаруашылығы, жүн өндіру, ет өндіру, мал басын көбейту, ондаған мың адамды жұмыспен қамту мәселесі оң шешімін тапқан болар еді.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Алтынбек Нартбаев ағамыз бір оқиғаны үнемі айтып жүреді. 1996 жылы Гонконгтан келген іскер Павлодар облысының Бесқарағай асыл тұқымды қой зауытынан өндірілген 100 тоннадай биязы жүнді жудырып, сатып алған. Кейіннен сол кәсіпкер Шанхайда жүн фабрикасын ашқан. Өкініштісі, қазір өндірілген азын-аулақ



істеді. Дегенмен, оларға сапалы кәстөмге жарамайтын, 3-класты жүн жеткізілетін. Аталған шикізаттан негізінен пальтолық драп мата тоқылатын. Ал сапалы жүннің барлығы Балтық жағалауындағы елдерге, Ресейге жіберілетін. Ең әлемі кәстөмдер сол жақта тігілді.

Бүгінгі басты проблема — жүнді де, етті де, теріні де қайта өңдеу. Мал шаруашылығын өркендетуге қатысты қабылданған бағдарламалар бойынша ендігі жерде жүн шикізат түрінде шетелге сатылмауы тиіс. Оны жуып, тазалап барып қана сыртқы саудаға шығаруға болады. Ал өткен ғасырдың соңындағы көрсеткіштерге қайта қол жеткізу алдағы он жылда мүмкін емес. Ол үшін мемлекет тарапынан да, қой шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен оларды өңдеуші кәсіпорындар тарапынан да қыруар шаруа жасалып, тұтас жүйе қалыптасуы тиіс.

Жас qazaq: Қазір биязы жүн өндірісін

дамытсақ, ол экономикаға несімен тиімді?

Бақытжан Мұсабаев: Қазір жүн өңдеу өндірісі жоқ. Тек шикізат өндіру бар. Жылына шамамен 2,0-2,5 мың тонна (табиғи салмақпен) биязы жүн алынады. Биязы жүнді қой тұқымдары өсірілетін негізгі аймақ — Алматы мен



тиіс. Мемлекет көңіл бөлгені жөн. Жүнді жуу, жіп иіру, мата жасауға кемі 70 миллион еуро керек. Ондай қаражатты қандай кісі қалтасынан шығара қояды?

Бізде қазақтың биязы жүнді қойы, қазақтың оңтүстік мериносы, арқар меринос, неміс тұқымымен будандастыру арқылы шығарылған жаңа тұқым — етті меринос тұқымдары өсіріледі. Австралия мериносы қошқармен шағылыстырған саулықтардан да аса сапалы төл алынады.

Еліміздегі негізгі биязы жүнді тұқым — қазақ биязы жүнді қойы жергілікті табиғат жағдайларына төзімділігі және төлшендігімен көзге түседі. Ол Алматы облысында Күрті, Бабычев, Алдабергенов шаруашылықтарында өсіріледі. Осы және басқа да шаруашылықтарда қыркылған жүн әлдекімдердің қолында кетіп жатыр. Яғни кім қомақты ақша береді, сол сатып алады. Кейбір шаруашылықтарға алдын ала қаражат беріп, қыркым науқанын күтетіндер де кездеседі. Бұл жүйесіздікті тоқтататын уақыт жетті. Осындай кемшілікті жоюдың бірегей жолы — кешенді мемлекеттік бағдарлама қабылдау.

Жас qazaq: Қой шаруашылығына маман жетіспейтін көрінеді. Бұл кемшілікті жоюдың жолы бар ма?

Бақытжан Мұсабаев: Кеңестік кезеңде атақасіп жақсы дамыған еді. Шопан ақ таяғын баласына тапсыратын. Қазір бұл үрдіс тоқтап қалды. Сондықтан жастарды қой шаруашылығына қызықтыру үшін жүйелі іс-шаралар жасалуы керек. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы министрлігі нақты жұмыстарды қолға алып, өміршең жобаларға қаржы бөлінуін және оның тетіктерінің тиімді жұмыс істеуін қадағалай бастады. Енді осы шаралардың іске асырылу қарқынын арттыру қажет. Мысалы, дамыған елдерде қой бағуға адамды қызықтыратын

фактор көп. Жарығы тұрақты, қорасы, жайылым алқаптары, бордақылау алаңдары заманауи талаптарға сай, мал дәрігерлік қызметі дамыған. Күн батереялары, жерасты құдық суы, шағын тракторлар, компьютерлік бағдарламалармен басқарылатын технологиялар кенінен пайдаланылады. Қалдықсыз өндіріс технологиясы дамыған, тіпті малдың қиына дейін сатылады. Жайылымдық мал шаруашылығы ел экономикасында зор орын алатын Моңғолияның өзінде қой, ешкі, түйе жүнінен жип тоқып, мата өндіру жақсы жолға қойылған. Біріншіден, осындай тәжірибелерді үйрену қажет. Екіншіден, қой шаруашылығы өнімінің сапасын, нарық талаптарына сай, жүйелі қадағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заманауи зертхана жұмысын тез арада ұйымдастыру қажет.

Өміршең технологияларды кенінен пайдаланып, саланың тартымдылығын арттыру — атақасіпті, әлемдік бәсеке талаптарына сай өркендетудің және жастарды өндірісте тұрақтандырудың бірден-бір әрі шешуші жолы.

Біз «Модельді ферма» деген жобаны енді ғана қолға алып жатырмыз. Қазір осы жоба бойынша өткен жылы іріктеліп алынған шаруашылықтар қойға радиотолқынды сырға салып, олардың тұқымдық-өнімділік қасиеттерін есепке алу жұмыстары компьютерлендірілді. Францияда өсірілетін, «иль-де-франс» асыл тұқымды қойларын Белоруссиядан сатып алдық. Бағасы — 700 еуро. Осыны көбейтіп, шаруа қожалықтарына неге сатпасақ? Қазақтың да «иль-де-франсы» болуы керек. Сондықтан шетелдерде кенінен қолданылатын бағалы тұқымдық қор мен өміршең технологияларды отандық өндіріске батыл енгізу — уақыт талабы.

Қазақ мал шаруашылығы және мал азығы өндірісі ҒЗИ филиалы Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының әдістемелік жетекшілігі және тікелей көмек көрсетуімен алдағы уақытта отандық және шетелдік бағалы тектік қорды, әсіресе Австралия етті мериносы, доне, қазақтың солтүстік мериносы, қазақтың оңтүстік мериносы тұқымдарын қарқынды өсіру арқылы малдың жүн сапасын, тірідей салмағын, тезжетілгіштік қасиеттерін арттыруға бағытталған жұмыстар серпімен жүргізілетін болады. Қалай десек те, қой бағу — бізге жат кәсіп емес. Тек заманға сай бейімделгеніміз жөн. Егер осы салаға әлемдік тәжірибелерді, отандық қой шаруашылығының ерекшелігін ескере отырып, тиімді енгізер болсақ, шопан болуды армандайтындар қатары көбейетіндігі даусыз.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Әуе қатынас

1-4 сәуір аралығында Гамбургте өткен борттағы тағам мен қызметтің дүниежүзілік көрмесінде «Эйр Астана» барлық ұсынған санаттарда марапаттарға ие болды. Әлеумет бизнес және эконом-кластың жол жиынтықтарын, оған қоса, балалар жиынтықтарын жоғары бағалады. Балаларға арналған жол жиынтықтары бірден үш беделді марапатты жеңіп алды. Travel Plus, Onboard Hospitality және PAX International. Одан басқа, әуекомпания PAX International салалық басылым оқырмандарының пайымдауынша, ТМД елдері арасында «Тасымалдаушының ерекше тағамы – 2019» марапатын ұтып алды.



WTCE — борттағы тағам, сауда мен жолаушыларға арналған қолайлы жағдай саласындағы басты жаһандық шара. 350-ден астам жеткізушінің өнімі мен қызметі ұсынылатын жылдағы оқиға Гамбургте өткізіледі. Көрмеге 800 астам әуекомпаниялары мен теміржол компаниялары қатысады. WTCE шенберінде жолаушыларға қызмет көрсету сапасы туралы конференция, ұшақ интерьері және жолаушы тасымал саласындағы технологиялық шешімдер көрмесі өтеді.

«Эйр Астана» «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының және BAE Systems компаниясының 51% және 49% тиісті үлесі бар бірлескен кәсіпорны болып табылады. Тұрақты рейстерді 2002 жылдың 15 мамырында орындай бастады. 60 астам халықаралық және ішкі бағыттарда ұшады. Компанияның әуе флоты Boeing 767/757, Airbus A320/A321 және Embraer E190 33 ұшақтан тұрады. «Эйр Астана» ТМД және Шығыс Еуропа елдеріндегі тасымалдаушылардың арасында Skytrax халықаралық агенттігінің 2012 жылы беделді 4 жұлдызды рейтингін және «Орталық Азиядағы және Үндістандағы ең үздік әуе компания» сыйлығының 7 дүркін лауреаты. «Эйр Астана» tripadvisor сайтының travelers' choice awards 2018/2019 сыйлығының «Аймақтық Азия тасымалдаушысы» санатының екі дүркін жеңімпазы атанды.

«ЭЙР АСТАНА» – WTCE 2019 КӨРМЕСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Infographic



ЭКСПОРТ – ИМПОРТ (\$)

2018 жылғы қаңтар

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ –
7,6 МЛРД

БІР ЖЫЛДЫҚ ӨСІМ –
15,8%

ЭКСПОРТ –
5,3 млрд (+31%)

ИМПОРТ –
2,2 млрд (– 9,3%)

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА»
КӨРСЕТКІШІ –
102-орын

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛОГИСТИКА
ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ
(LPI) – **71-орын**



«Мен халқымның алдында қарыздармын. Елімнің жасаған жақсылығын қайтаратын, ризашылығымды жеткізетін күн де туар. Біз Отанымызды сатып кеттік. «Өзің кеттің, енді не істесең де, өзің біл» деп, бізді Сирияда қалдыруға болар еді. Бірақ далаға тастамады. Сириядан кетіп бара жатқанда өзге елдерден келген әйелдер: «Президенттеріңе айтып барыңдаршы, Қазақстанға бізді де алып кетсін!» деп жылап қалды... Себебі басқа мемлекеттер ДАИШ халықаралық лаңкестік ұйымының құрамында болған азаматтарын елге қайтарудан бас тартқан».



«АТЫП ӨЛТИРЕ САЛАДЫ...»

«Мен кеткім келетінмінді күйеуіме қайталап айтқан жоқпын. Себебі біреу естіп қалса, түрмеге қамайды. Әлде өлтіріп тастайды.

Әйелдердің көбі күйеуіне ілесіп барды. Барған соң түсінді. Бірақ кері қайтуға жол жоқ. Мен «кетем» дегенімде күйеуім: «Отыр, қозғалмай.

бұзылған адам бар. Оның үстіне тамақ, су жағынан қатты қиналдык. Жаңағы тунистік арабка «Мені мына жерден алып шығып, жағдайымды жасасаң, саған тиемін» деп талап қойдым. Ол Оралдың қызы екеумізді Әл Мұхаррам деген қалаға әкеліп, үй тауып, тамақ беріп, жақсы көмектесті. Оның әйелі бар екен. Бір күні екеуі аяқ астынан жоқ болып кетті.

— «Жусан» операциясымен келуге қалай іліктіңіз?

— Егер қашып бара жатқаныңды білсе, ДАИШ-тың адамдары артыңнан ата салады. Не жолына мина қойып, жарып жібереді. Олардың құрамынан шығып кетуге рұқсат жоқ. «Қазақстанға қайтпандар, ол ел — көпірлердің елі, тозақта боласың», — деп үгіт айтады.

Біз кашу үшін жол іздеп жүріп, бір қазақ әйелге кездестік. «Күйеу балам жол тауып береді, бірге қашайық» деді. Күйеу баласы бізді көлікке отырғызып, бір жерге әкелді. Сонда қонып, келесі күні жолға шықтық. Жеті әйел, 15 бала болдық. Біз баратын күрдтердің лагері сол жерден 15 минуттық қашықтықта екен. Жақындағанда олар бізге қарай оқ ата бастады. Біз оларға берілдік. Күрдтердің ережесі бойынша қолға түскен бойда кара киімді шешкізіп тастайды. Қарсыласпай, шешіп тастадық. Олар «Біз ДАИШ сияқты бала мен әйелді өлтірмейміз. Қорықпандар», — деді. Алғашында 10 күн Әл Холь деген лагерьде болдым. Одан соң түрмеге жауып тастады. Беретін тамағы — тосап жакқан нан



Кететін болсаң, баланы тартып алып қаламын», — деді. Кетем деген көп әйел осылай жіпсіз байланып қалды. «Өзің кете бер, баланы тастап кет!», — дейді. Баланы қалай тастап кетесің? Тіпті шынымды айтсам, күйеуінің қайтыс болғанына қуанып, «Құттыдық, енді елге кетеміз» деген әйелдер де болды. Сирияға барған еркекке қайтар жол жоқ. Кетем десе, сол сәтте басынан атып, өлтіре салады...».

«ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ – ОМАР»

«Мен үйде отырдым. Жарылған бомбадан басқа түк көрген жоқпын. Күйеуім соңғы кезде ДАИШ-тың кинағанын, түрмеге қамап тастағанын, бұл жолдың дұрыс еместігін айтты. «Айнала түгел әділетсіздік. Бұл жерде ешқандай ислам жоқ. Олар «Біздің пайғамбарымыз — Омар» деп айтады. Ол не дін? Омар деген қайдағы пайғамбар? Не болып жатыр? Мен түк те түсінбей жүрмін. Мені 11 күнге түрмеге отырғызып тастады. Қинады, ұрды-соқты, тамаққа бірдене сеуіп берді», — деді. Бұрын кетем десем қарсы болатын еді. Сол күні «Не болса да, сендерді елге жіберуге тырысамын», — деді. Адамсанын өлерінің алдында ғана түсінді. 2017 жылы наурыз айында қайтыс болды».

Мәдина күйеуі өлген соң 2017 жылдың 19 қарашасына дейін ДАИШ лаңкестерінің қол астында болған. Елге қайтуға деген үміті пайда болған ол бұдан әрі басынан қандай жағдайларды өткерді? Ендігі сұхбатымыз сол туралы.

— Мәдина, күйеуіңіздің сүйегін көрдіңіз бе? — Жок, олар соғыста өлген адамды көрсетпейді. Бірге соғысып жүрген досы оның қайтыс болғанын айтты. Ол да көрмеген. Біреулерден естіпті. Өлді ме, жоқ па? Өлсе, денесі қайда жерленді? Оған не істеді? Оны ешкім білмейді. Мүмкін лаңкестер өздері атып тастады ма? Ол жағы бір Аллаға ғана аян. — Олан әрі не болды? — Ол жақта күйеусіз тұруға болмайды. Күйеуім қайтыс болғанда біз Эр-Ракка қаласында тұрғанбыз. Мені Эль-Меядин қаласындағы әйелдер махарына апарды. Бір бөлмеде бірнеше әйел балаларымызбен бірге отырдық. Ішетін қара су да болмады. Ай сайын — 50, бала басына 25 доллар береді. Көшеге шығуға болмайды. Шықсаң, таяқ жейсін. Сол жерде Орал қаласының бір қызы отыр екен. Сол екеуміз қашуға жол іздей бастадық. — Күйеуге шық деп мазадалы ма? — Иланың 4 ай 10 күн мерзімі өткен келесі күні-ақ «күйеуге шық» деп келіп, маза бермейтін болды. Өзбек, тәжіктер толып жатыр. Екі араб келді, біреуімен сөйлестім. Ылғи күйеусіз әйелдер. Ұрыс-керіс, бір-біріне пышақ ала жүгіру, неше түрлі ұлт, неше түрлі

— Иә, жамандықты балалардың көзінше істейді. Жергілікті сириялықтардың да балаларын қатыстырады. Сосын видеого түсіріп, жариялайды. Бала түгілі, біз — үлкендер ол жердегі неше түрлі сұмдықты көріп, ақылдан адасуға аз қалдық. Ал балалар көзі көргенді қалай көтерді, түсінбеймін? — Енді сіз үшін жүрек толқытар қуанышты сәттерге қарай ойыссақ. Сіздерді елге әкетуге арнайы ұшақ келгенін алдын ала білдіңіз бе? — Түк те білген жоқпыз. Бізге «жиналындар» деді. «Қайда апарарды, өлтіруге апара ма, әлде сатып жіберейін деп жатыр ма?» деп, қатты қорықтық. Жиналып шыққанда америкалықтарды көрдік. Сонда АҚШ-тың лаңкестері отыратын атакты Гуантанамо түрмесіне апара жатыр ма деп, одан сайын қорқып кеттік. Бес сағат автобуспен жүрдік. Одан түсіріп, ұшаққа мінгізді. Ұшақ жерге қонғанда, қасымызға екі әскери адам келді. Қарасам, көдімгі қазақтар! «Қыздар, қорықпандар!» деді қазақша тіл қатып. Ол жерде есіміз кетіп, сене алмай, тұрып қалдық.

— Иә, одан әрі ұшаққа қалай отырғаныңызды, Актауға қалай келіп қонғаныңызды бүкіл Қазақстан теледидардан көрді...

— Ұшаққа отырған соң жылы киім, ас-су берді. Біз Қазақстанның ұшағына жеткенше үш күн жолда болдық. Оның үстіне, «Қайда апара жатыр?» деген қорқыныштан ұйықтаған да жоқпыз. Құрттер бізге жолда тамақ та берген жоқ. Қатты шөлдедік, шөй ішікміз келді. Быт-шыт болған түрімізді көрген біздің әскерилер «Қыздар, не болды? Елге қайтуға разы емессіңдер ме?» деп сұрап жатыр. Біз не күлерімізді, не жыларымызды білмей, есіміз ауып қалды. Қасымдағы келіншек екеуміз лагерьде отырғанда «Осыдан елге аман-есен жетсек, жерді сүйеміз, сәжде қыламыз» деген едік. Қатты сағынады екенсің елді... Лагерьде кішкентай теледидар болды. «Қазақ ТВ» деген арнадан Қазақстанды көрсетеді. Елді, жерді, суды көріп, жылап отыратын едім...

— Сүйдіңіз бе жерді? — Жок, сүйген жоқпыз. Елге жеткенде жылаймыз дегенмен, жылай алмадық. «Шок» болып, қатып қалдық. Ол жерде басымыздан өткен неше түрлі қорқыныш, қуаныш, басқа да сан түрлі сұрақ жанымызды жеп жатқанда, біз не істеп, не қойғанымызға есеп бере алмай қалдық. Актаудағы оналту орталығына жетіп құладық қой... Балалардың шашы өсіп кеткен, бәрі жұқпалы ауру. Ойыншық көрмеген олар неше түрлі ойыншықпен ойнап, теледидарды қызық көріп, естері кетіп қалды. Тап-таза төсекке жатып, армансыз, алаңсыз ұйықтадық. Дәрігерлік тексеруден өттік. Ауа райына үйрене алмай, алғашқы күндері ауырлық. Орнымыздан тұрмай, «Елдің тамағын сағындық» деп, еркелеп жаттық қыздарға.

— Еркелеп дейсіз бе? — Иә, еркелеп жаттық. Оналту орталығындағы қызметкерлер бізді жатысынбай, бірден бауырмалдық көрсетті. Сирияда ешкім

мандайымыздан сипаған жоқ. Ол жақта адамға адамның жаны ашымайды, әркім өз отбасымен, әркім өз өмірі үшін күреседі.

Ал біз елге жетіп, ұшақтан түскен сәттен бастап өзімізге деген ерекше қамқорлықты сезіндік. Елбасы бізді кешіріп, Сириядан алып шықты. Елге келгені бірде-бір адам біздің қателігімізді бетімізге басқан жоқ.

Өкінетінімізді, ұялатынымызды түсінді. Оналту орталығындағы психолог, теолог, дәрігер, жолығуға келген журналистер шын мәнінде, бауырмалдықтың үлгісін көрсетті. Қалай еркелемейсін?

Басына қиын күн туғанда қазақтың қазақтан басқа ешкімге керегі жоқтығын түсіндім. Отанынан басқа ешкімге керегі жоғын елдегі аласып жүрген жастар да түсінсе деймін. Мен өз ұлттыммен мақтанамын. Алданған қазақ қыздарын далаға тастамаған Елбасына алғысым шексіз!

— Сирияда 6 жыл болдыңыз ғой? — Атырауға келгенде не істерімді білмей, абдырадым. Адамдарды көргенде кіммен қалай сөйлесу керек екенін түсіне алмай, алғашында қиын болды. Жақында бірге оқыған сыныптастарым меірамуханаға шақырды. Біртүрлі сезіндім. Өзімді қалай ұстарымды білмеймін. Сөйлей алмай, тамақ жей алмай отырдым. Бейбіт өмірдің, елдің, өз қазағымның қаншалықты қымбат екенін түсіндім сол жерде. Алты жыл өмірімді босқа жоғалттым. Елде болсам, осы алты жылда маман болып көтерілер ме едім. Өкінесін, әрине!

— Болашаққа қандай жоспар құрып жатырсыз?

— Мақсатым — балаларымды тәрбиелеп, аяғынан тұрғызу. Елде қалған қызым бар. Ол да бойжетіп келеді. Оған да қиын болыпты. Мен жокта үкімет қызыма киім, оқу құралын беріп, көмектесіпті. Рахмет! Атырау облыстық дін істері басқармасының қолдауымен психологиялық жағдайыма, қоғамға бейімделуіме көптеген көмек көрсетіліп жатыр. Дұрысында, мемлекет көмектесуге міндетті емес. «Сириядан әкелдік, қалған жағдайыңды өзін жаса» десе де, қуанамыз ғой. Керісінше, емделуімізге дейін жағдай жасады. Атырау облыстық дін істері басқармасының қолдауымен 1 айлық маникюр курсын бітірдім. Енді құрал-жабдықтарды күтіп отырмыз. Болашақта бизнесімді үлкейтіп, сұлулық салонын ашқым келеді. Балаларымды азамат етіп өсірсем, ақша жинап, үй алсам деген арманым бар.

— Мәдина, еш бүкпесіз айтқан әңгімеңізге рахмет!

Ұлда САРИЕВА,
Атырау қаласы

Әлқисса. Әдетте сәләфизм ағымына еріп, Сирия мен Иракка жиһадқа аттанушылардың жолы бірақ нұсқадан тұрады. Біреудің ықпалымен намаз оқуды бастайды. Тап болған ортасы оған имамнан кенес сұрамауды, діни білімді интернет арқылы Дарын, Діلمұрат және тағы да басқа «ұстаздардан» үйренуге үгіттейді. Уақыт өте «Намаз оқымаған адам да, мемлекет те көпір. Көпір елде өмір сүруге болмайды» деген тәкфірлік теріс сенім олардың санасын мықтап жаулайды. Әрі қарай не істеу керектігі туралы сұрақ туындайды. Міне, осы сәтте олар арғы жағында ешқандай ислам емес, халықаралық лаңкестік ұйымдардың жымысқы пиғылына құрылған қақпанға түседі. Жиһадқа аттану туралы интернеттен оқып, біледі. Жалған халифатты уағыздаған, өтірік түсірілген видеоларға сенеді. Болмаса «Сирияда көпірлер мұсылмандарды қырып жатыр. Бауырларымызға көмектесуіміз керек. Өлсек, шәһид болып, жәннатқа кіреміз» деп, өмірге әкелген ата-анасын, туған жерін тәрк етеді. Сөйтіп, Сирияға қашады. Арғы жағы біз түгілі, бүкіл әлемге аян...

«ЖӨННАТҚА БІРГЕ БАРУДЫ ҚАЛАЙМЫН»

Бұл — Сирия асып кеткен күйеуі Ерсайынның *(есімі өзгертілді)* скайп арқылы Мәдинаға жазған хатынан үзінді. 2012 жылдың желтоқсанында «Украинаға жұмысқа кеттім» деп алдап, Сирияға қашып кеткен Ерсайынның артынан 2013 жылдың наурыз айында Мәдина да жолға шығады. Астрахан қаласынан ұшаққа отырған келіншек Ыстамбұл қаласына жетіп, әрі қарай күйеуі екеуі Сирияға өтеді. Мәдина: «Сирияда автомат ұстаған адамдарды көргенде, ойланып қалдым. Мен барғанда күйеуім ДАИШ-тың құрамында соғысып жүр екен», — дейді.

Өзінің айтуынша, Атыраудан жолға шыққан сәтте кері қайтуға билеті бар болса да, Сирияда бақандай алты жылға қаламын деп ойламапты. Ол «Қайтатын уақыт жақындағанда күйеуіме «мен қайтамын, сен не істейсің, қайтасың ба?», — деп сұрадым. «Сен не айтып отырсың? Қайдағы қайту? Мен осы соғысқа қатысуды мақсат етіп келдім. Сен де қайта алмайсың. Себебі сенің Сирияда екенінді Қазақстан біліп отыр. Барсаң, бірден түрмеге жауып тастайды», — деді.

Алғашында шейх Сүлейман деген қалада тұрдық. Бос тұрған хан сарайындай үйге қоныстандық. Соғыс салдарынан иесі тастап кеткен үй қымбат дүние-мүлкі бар, жаңға жайлы баспана болып шықты. ДАИШ алғашқы кезде мал береміз деген. Бірақ бермеді. Ай сайын адам басына 100 доллардан берді. Одан — 50, соңғы кездері 35 долларға түсіп кетті.

Жұбайым соғысқа қатысты, айлап далада болады. Соңына таман бір айға демалыс беретін болды. Көшіп жүрдік. Әйелдер мен балаларды Ракка қаласына көшірді. Ракка барлық лаңкестер жиналған жер болғандықтан, аяусыз талқандалды. Неше түрлі ұлт бар екен. Соның ішінде қытай мен орыс көп болды».

«ӨМІРІМ ЖЕРТӨЛЕДЕ ӨТПІ»

«Өмірім жертөледе өтті. Әскери ұшақтар жиі ұшады, бомбалайды, танкпен де атқылайды. 2013 жылы туған балам толғақ кезінде аяғымен келіп қалды. Сөйтіп, 8 сағат толғаттым. Жерге түскенде бала жыламады. 1-2 минуттан соң жүрегі тоқтап қалды. 2016 жылы туған екінші балам қазір 3 жаста. Ұшақтын дауысын естісемін баламды көтеріп, 4-қабаттағы потерден жертөлеге жүгіріп түсемін. Бірақ жертөле де қорқынышты, бомба түссе, есігі жабылып қалуы мүмкін...

Ол жақта адам төзгісіз ыстық болады. Мамыр айынан қазан айына дейін тамшы тамбайды. Жарық жоқ. Болса да 1-2 сағатқа жанады. Су жоқ. Ауыз судың өзін анда-санда көлікпен әкеліп сатады. Жуынған, кір, еден жуған суды төкпей, шелекке жинап, әжетханаға құюға пайдаланамыз. Тамақ жоқ.

Күніне екі-үш рет бомба тастайды. Тіпті кейде құтырынып жанбырша жаудырады. Жақындап келе жатқанда ұйқы жоқ. Лаңкестер үйлерге тығылатын болды. Сондықтан үйлерді де жаппай бомбалайды. Аспалы сөмкем болатын, соны асынып алып, қолыма баламды көтеріп, бас сауғалап қашамын... Қорқыныш пен үрейден ауруға шалдықтым. Жүйкем жұқарды. Дәл қасына бомба түседі. Контузия аласың, бомбаның екпіні ұшырып

Сонда «Қазақты құртудың бір-ақ жолы бар: отбасындағы ер-азаматтың рөлін жойып жіберу керек» делінген. Тұрсын Жұртбай бұл туралы соқырға таяқ ұстатқандай жазды. Қоғамда тек әйелдің мәртебесін көтерген жағдайда, еркек ынжық боп қалады. Ал ынжық еркектен ез бала туады. Осылай ұлтты өз ету іске асып жатыр.

Jas qazaq: Қыз тәрбиесі дегеннен шығады. Сіз әр жолғы сұхбатыңызда казак қыздары мен келіндерінің тәрбиесі туралы айтасыз. Қыз тәрбиесінде нақты нені қолдан шығарып алдық? Қыздардың бойында казак менталитетіне жат қандай қылық бар?

А.Ісмакова: Қазақ «ұлынды бөтен үйден тойдырма», «қыза қырық үйден тию» деген нақылды жақсы біледі. Себебі қыз — болашақ ұлттың анасы. Мысалы, мен қызымды тұрмысқа бергенге дейін бір күн бөтен біреудің, бірге туған бауырларымның да



ма деп ойлаймын. Келін бір әулетке түсетін кезде, алдын ала өзін дайындауы керек. Мысалы, тойдан кейін жас отауға келген ата-енесін қонақ деп қабылдайтын келіндер бар. Келін жана босаға аттамай тұрып, туысқандық қарым-қатынасты жақсы білугі шарт. Кімнің ата, кімнің ене екенін, қайын іні, қайын сіңлі дегендердің кім екенін білгені дұрыс. Оны түсінбей тұрып, келіндік міндет атқару кемшілікке толы болады.

Маған бір күйеу балам: «Келіннің міндетін, күйеу баланың міндетін жеке-жеке жазып берінізші. Сол бойынша жұмыс істейік» дейді. Жазып бергеннен келін мінсіз, күйеу керемет болып кетпейді. Ол ана сүтмен, әке тәрбиесімен, солардың өнегесімен бойға сіңетін асыл қасиет.

Еуропада бала табу неге тоқтады? Себебі әйелдер жалаңаш жүрді.

Психологтар анықтағандай, жалаңаш тәнді көре берген соң әйелге деген еркектің қызығушылығы азаяды. Жалаңаш тәнге көп қараған адамның бойындағы табиғат берген қасиеттердің азаяды екен. Бұл — бір. Екіншісі себеп, әйел еркектен көп ақша тапты. Еркек әйелге экономикалық жақтан кіріптар, бағынышты қоғам орнады. Осындай себептердің кесірінен еркек белсіз, әйел бедеу бола бастады. Бұл — қасыр дерті. Бірақ біз казактар мұндайға жол бере алмаймыз. **Jas qazaq:** Қазір немересіне ертегі айтып беретін қариялар бар ма? Ата-әже жасындағы кейбір кісілер сенбі, жексенбі күндері кафе, мейрамханаларда немересіндей қыз-жігіттермен көңіл көтеретінін жұрт жақсы біледі. Бұл ұлтты бұзатын ұятты жағдай емес пе?

А.Ісмакова: Немересіне ертегі айтып беретін қариялар бар. Мәселен, Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова екі немересін өзі жазған ертегімен өсірді. Зейнеп Ахметованың былтыр шыққан «Құретамыр» кітабында осылар қамтылған. Отанға оралған бауырлардың арасында бір кәсіпкер жігіттер жасаған кішкентай «Киіз үйдің» ертегісімен бала өсіріп отырған жас келіншектер де баршылық. Бірақ казактың қариялары немерелерін жаппай ертегімен өсіріп жатыр деп айта алмаймын. Қалада көпқабатты үйлердің арасындағы алаңқайларда немересін қылдыртуға шығатын осы заманғы әжелерге қарасаныз, бір қолында смартфон, бір қолында арба. WhatsApp-та отырады. Бір жастағы немересінде де ұялы телефон. Оған ютубтан «Машаны» қосып беріп қойған. Бір жасқа толмай смартфонмен алданып тамақ ішіп отырған немерелеріміз, қазіргі ұрпақтан да сорақы бола ма деп қорқамын. Міне, бүгінгі оқымысты әжелердің сиқы осындай.

Jas qazaq: Сіз немерелеріңізді қалай тәрбиелеп жатқарсыз?

А.Ісмакова: Алғаға шүкір, қыздан туған жиен немерелерім бар. Оларды өзінің ата-әжесі тәрбиелеп жатыр. Ұлым әлі үйленген жоқ. Қызымды ұзатқаннан кейін кейбір шешелер сияқты сағат сайын қонырау шалып «Қызым, қызым!» деп обектеген жоқпын. Жұмысым болса құдаларыма қонырау шаламын: «Келіндеріңіз қалай?» деп сұраймын. Соған қызым «Мама, неге қызым демейсіз?» деп ренжіді. Мен «Жоқ, енді сен сол әулеттің келінісің» дедім. Қызым барған жерінің абыройлысы болса, ол маған да, өзіне де мәртебе. Балаларымның әкесі орыс тілді болғандықтан, балаларым орыс мектебінде оқиды. Бірақ үйде казакша сөйлесеміз. Қолымыздан келген тәрбиені бердік. Жақсы мен жаманды, он мен солды, адал мен арамды, өтірік пен шынды ажыратуды үйреттік.

Біреудің ала жібін аттамауды, не істесе бір Алла көреді, бір Алладан басқа қорған жоқ дегенді саналарына сіңіртуге тырыстық. Әз ата-анамнан көрген: ұят болады, обал болады, Құдай үшін деген үш сөйлеммен өсірдік.

Jas qazaq: Ұрпақ тәрбиесінің бузылуын мектептегі мұғалімдерден көретіндер бар. Өзбекстан ұстаздардың жалақысын 1 мың долларға дейін көтеріп, жауапкершілікті күшейткелі жатыр. Жалақының көптігі тәрбие түйтіклін шешуге септігін тигізе ме?

А.Ісмакова: Мектептегі оқушы тәрбиесінің бузылуы тікелей ұстазға қатысты емес. Бұл мемлекеттік бағдарламаға тәуелді. Үкімет оқулықты кемелді қылмай тәрбие онбайды. Бала тәрбиені әуелі ата-анадан алғанымен, оқулықтың берері мол. Өйткені оқулықта казактың кім екені айтылмаса, хандары мен батырлары, билері жазылмаса, ұрпақ өзінің шыққан тегін қайдан біледі? Өзеге еліктегіштер сондай ұрпақтардан көп шығады. Сондықтан ұстаздың аилығын көтергенмен, мұғалімнің өзі казактың әдебиеті мен тарихынан бейхабар болса, ұрпақ тәрбиесі тастай болады дегенге сенбеймін. Біздің М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған 100 томдық «Бабалар сөзі» ғалымдардың арасында ғана қолданылып келеді. Ұрпақты осы асыл сөзбен тәрбиелеуге мемлекеттік бағдарлама болмай тұр. Бұл мәселені тәуелсіздіктен бері өткен министрдің бәріне айтып, жазып келеміз. Нәтиже жоқ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақтың ең басты рухани қару-жарағы — казак тілі, дегені оқулықы, мектептің жаны — мұғалімі» болады. Осы үшеуі реттелмей, казакты ұшпаққа шығаратын ұл туа қоймас.

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

Қазақ қыздарының қадірі жоғары еді. Мәртебесі биік болатын. Олар осынысымен сұлу, ғажап еді. Алайда нарық экономикасы бойжеткендеріміздің тәрбиесіне сызат түсірді. Аруларымыз аяғынан сүрінді. Келін әдебінің келмеске кете бастағанын да ешкім жоққа шығармаса керек. Бұл – қоғамдағы түйткілді тақырыптың бірі. Сондықтан бүгінгі сұхбатымызды қыз қылығы мен келін тәрбиесіне арнағанды жөн көрдік. Айгүл Ісмакова – әдебиеттанушы, филолог ғана емес, қазақ қыз-келіндерінің өдеп-ибасы туралы өткір ой айтып жүрген ұлт жанашыры.


Jas qazaq: Айгүл апай, елімізде қоғамдық ұйымдар жүргізген зерттеулерге қарағанда, 14 жастағы ұл-қыздың 30 пайызы жыныстық қатынасқа барады екен. Жылына бірнеше мың жас қыз түсік жасатады. Бұл сұмдық қой! Осы жерде ойыма бір нәрсе оралып отыр. Тәжікстан үкіметі көмелет жасына жетпеген 2,5 мың қыздың тұрмысқа шығуына рұқсат беріпті. Бұл қандай қажеттіліктен туындағаны түсініксіз. Дегенмен, интернеттегі бұл жаңалық бізге де ой салуы керек пе, әлде бізге жат нәрсе ме?

А.Ісмакова: Тәжікстанда көмелет жасына толмаған 2500 қызды өз ықтиярымен тұрмысқа беру деген бастаманы дұрыс түсінуге болады. Неге? Жаһандану дәуірінде өз ұлтының келешек аналарын осылай сақтап қалу үшін тәжіктердің осыншама қыздың тұрмысқа шығуына рұқсат беруі ұлтты сақтап қалудан туған әрекет болуы да әбден мүмкін . Мұндай бастама тәжіктерде ғана емес, түрікмендерде бар. Бұны көмелет жасына толмаған қыздардың түсік жасатуына қарсылықтан туған қарекет деп түсіну керек. Ұлттық трагедияның алдын алу үшін осындай қадамға барып отыр. Демек, Тәжікстанда қажеттілік бар. Ал бізде мұндай бастамаға қоғам дайын емес. Бұны ресми енгізудің өзі қауіпті деп санаймын. Ар мен ұяттан безгендер үшін бұл сыныққа сылтау болып кетпесін: жасөспірімдердің балалық шағын қорғауымыз керек. Ана болуға дайын еместердің нәрестелеріне ие болмай жатқандарына қоғам мен сіз бен

Айгүл ІСМАҚОВА:

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТАРИХЫН ОҚЫМАҒАН ҰРПАҚ

ҰШПАҚҚА ШЫҚПАЙДЫ



бізде кінәліміз . Қазақ әйелдерінің абыройы түсіп жатқан осындай қиын да күрделі шақта, бізге де бұл тығырықтан шығатын жол іздеуге, ойлануға тура келеді. Ол үшін ана мен баланың құқығын қорғайтын заң қажет. Болашақ ананы қорғайтын әлеуметтік жағдай жасау қажет. Әлеуметтік желідегі осы тұстағы сұмдықтардың бәрін жаппай жария етуді де қолдамаймын. Бұларды айтқан сайын оны көбейтіп алу қауіп барын есте сақтау керек. Үлгі болмайтын қылықты сонша жар салып көбейту жақсылық емес. Мұсылмандықты ұстанған елдерден басқаларда да, мәселен, Корея, Еуропа «қыз баланы ұлттың анасы» деп тәрбиелейді. Әсіресе, Жапония мен Кореяда бұл тәрбие басымдау. Германия бастаған Еуропа балаға зар болып отырғандар. О жақтағы бұл негізгі көрсеткішті мигранттар көтеріп отыр. Мәселен, Германияда ана мен баланың өсіп, білім алуына дейінгі болашағын қамтамасыз етіп қойған заңмен бекітілген әлеуметтік көмектер жүйесіне қызығуа болады. Бірақ Алман елінде бала туу әлдеқашан саябырлаған.

Мәскеуде бірге оқыған венгриялық профессор танысым Алматы мен Астанада біраз уақыт болып жұмыс істеп кетті. Сол кісі кетерінде «Сендер Америка сияқты болып кетіпсіндер. Қыздарың түнімен далада жүреді. Көшеде ашық-шашық жүру ұят саналмайды

екен. Қыз балалардың түнде саябақтарда топтасып, еркін жүретінін көрдім. Бәріне рұқсат етілген. Қыздары мен әйелдері ештендеме қорықпайтын «еркіндік» Американы еске салады екен дегенінде, намыстан жарылып кете жаздадым. Бірақ ол көзімен көрген шындықты айтып отыр. Қыздардың бұлай бузылуы соңғы он жылдан бергі жағдай. Көрші Ресейде әлеп-иба өз орнында тұр. Терістіктегі көршіміздің

бұзылған еркектері орыстың қыздарына қиянат жасамайды.

Jas qazaq: Мүмкін ұлттық құндылықтарымызды, тәлімі мол тәрбие тәмсілдерін оқулықтар арқылы насихаттай алмай жүрген болармыз? Аға ұрпақ әдемі өмірді қалыптастырып, сарымайдай сактай білді ғой...

А.Ісмакова: Қазір 90-жылдары, яғни тәуелсіздіктен кейін мектеп бітіргендер ана мен әже болып жатыр. Көбінде осы

кездің ұл-қыздары осындай жаман әдетке үйір келеді. Неге? Өйткені 90-жылдардан бері казак тілі, казак әдебиеті, ұлттық тарих өз деңгейінде оқытылмады. Ал біз білетін Ресейде «Ұлы Ресей әдебиеті», «Ұлы орыс тарихы» өз деңгейінде оқытылып келеді күні бүгін! Ұлы орыс халқының бейнесі, ұлы орыс халқының ана бейнесі, Наташа Ростова сияқты үлгілі қыз бейнесі 5-сыныптан бастап оқытылады. Оқушы Толстойды жай ғана білмейді, үтір, нүктесіне дейін жаттайды. Кейіпкерлерді санасына сіңіреді. Наташа Ростованы орыстың ары таза, жаны мөлдір анасы ретінде аса жоғары бағалауға дағдыланады, санасына сіңіреді.

Бізде әдебиет пен тарих оқулығы 1997 жылдардан бері жыл сайын басылады. Бәрін теңдерге байлап алғанбыз. Оқулықты жазуға нағыз мамандар қатыстырылмайды. Ұлт тарихы, тілі мен әдебиет пен өнерін зерттейтін ғылыми-зерттеу институттары бар. Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих институты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Осы саланың оқулықтарына бұл орталықтардан сараптама алынбайды. Кіммен келіседі, соған жаздырады. Сондай оқулықты оқыған ұрпақтың алды біздің елуге тақаған бүгінгі жас әжелеріміз. Мәселен, «Қазақ тарихы» пөнінде Абылай хан бір сағат, Керей хан мен Кенесары хандарға жарты сағат қана уақыт беріледі. Сонда мұғалім жарты сағаттың ішінде хандардың өмірбаянын айта ма, әлде мемлекеттің тарихы — хандық жүйені айта ма? Сапасы төмен шала-жансар

оқулықтарды жыл сайын шығарып, Жоңғар қуандай шауып келе жатырмыз. Міне, осының кесірінен ұлт тарихын білмейтін, казактың ұлт дәстүрін дәріптеген әдеби жәдігерлерімізден мақұрым қалған ұрпақ өсіп келеді. Жуырда менің америкалық әріптесім айтқандай, АҚШ-тың өзінен асып бара жатырмыз. Жастар ана, әке, әже, ата-баба болу үлгісін қайдан алу керек? Теледидардағы депутаттар мен шенеуніктерден бе? Ток-шоудан ба? «Қалаулым» мен «Кел, кел келінімнен» бе? Бәрі казакты ұлттық әдебінен, мәдениетінен айыратын, тамырына батла шабатын үлгі емес, іріткі салатын жат елдің көшірме бағдарламалары. Көрші Ресейде ұлт тарихын, мәдениетін, әлеп-ибасын, салт-дәстүрін сактайтын телеарна, телебағдарлама жеткілікті.

Әл Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы, адамзат алдындағы қылмыс» — депті. Ал біздің мұғалімдер: «Мектеп білім береді. Тәрбие беру — ата-ананың міндеті» деумен келеді. Әл Фарабидің жерінде отырып, тәрбие мен білімді бөліп қарағанымыздың салдарын шегіп келеміз.

Jas qazaq: Елудегі әжелердің бейнесінде тағы қандай жат мінез бар?

А.Ісмакова: 90-жылдардағы тоқырау кезінде еркектер жұмыссыз қалып, әйелдер қап аркалап базарға шықты. Еркегін де, балаларын да асыраған сол әйелдер бізге бәрі рұқсат етілген деген ойды мына «зан» деп сіңіріп алды. Қомақты қаражат тауып үйренген қаланың кейбір әйелдері еркіндікті өзгеше түсінеді. Жоғары лауазымды қызметтегі, абырой-атағы бар үлкен әйелдердің арасында да жас жігіттермен араласуды қасырмайтындар жоқ емес . Бұл тек да ақша мен билікке не болғандықтың салдары . Ұлт дәстүрі мен жар, ана, әже болудың қандай абырой екенінен мақұрым қалғандардың пендешіліктері туралы өздерінің сұхбаттарынан да оқып жүрміз.

Біздің әдебиет пен тарихымыз Қарқабат, Домалақ ананың кім екенін, Зере мен Ұлжанның қандай ана болғанын, Айғанымның қандай тұлға болғанын айтпаса, ұрпақ оларды қайдан білсін? Әлихан Бөкейхан мен Шәкәрімнің аналары кім болғанын білмейтіндер үшін Анжелина Жоли мен Мадонна ғана үлгі болып келеді. Яғни біздің жан-дүниеміздегі рухани орын бос тұр. Мектепте оқытылмайды, теледидардан насихатталмайды. Сөйтіп, жан-дүниеміздегі рухани бос жерді қайдағы коқыс толтыруда.

Абылай хан мен Кенесары кезінен қалған патшаға жазған «доностар» бар.



ҚАЛАМҒЕР МЕРЕЙІ



Қали бауырымыздың өз дара жолында екенін мен «Алматы ақшамынан» оқып танымын. Ол осы газет бетінде мемлекет мүддесін, ұлт сөзін, тұлға мұратын, адам арманын сөйлетіп, қоғамды оятып, сананы сілкілеген адал ниеттерді паш етті.

Қали Сәрсенбай Алматы қалалық мәслихатының депутаты ретінде де ел игілігі үшін ізгі қызмет атқаруда. Журналистиканы халықтың көсемсөзі деп айтып жүр емес пе?! Олай болса Қ.Сәрсенбайды қоғамдық өмірде де көсемсөз деңгейінде көрінетін ұлт қайраткері дегім келеді. Ол осы биігінің өзінде кішіпейілдігінен айныған емес, қай кезде де елгезек, жанашыр,

камқоршыл. Хакім Абайдың «адамзаттың бәрін сүй» дегеніндей, жарқыраған көзінен көңіліңіз ашылып, Аллаға тәубалығыңыз арта түседі. «... Тұлға — бұл өзі әр айтулы істің, жаналықтың бастауында тұрған адам», — деп Калидың өзі айтқандай, ол бүгінде «Алматы ақшамы» газетінің басында ел алдындағы тұлғалық парызын абыроймен, қадір-қасиет биігінде одан әрі атқаруда.

Қали інімнің алпыс жасқа толуына орай Jas qazaq ұлттық апталығы арқылы ұлтқа қызмет етіп, азаматтық қайраткер тұлғасының толығына түсуіне толағай-толағай тілек білдіріп, шығармашылығына табыс тілеймін!

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері,
«Алтын жұлдыз», «Отан»
ордендерінің иегері,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қызметкері,
Алматы қаласының,
Жамбыл облысы Жуалы
ауданының Құрметті азаматы

Қазақ журналистикасында Шерханның шекпенінен шыққан қаламы қуатты, көңілі шуақты қаламгердің бірі де бірегейі — Президент сыйлығының иегері, көсемсөзші Қали Сәрсенбай.

Қазақты қарасөзбен тербеген Қал-аға да 60 жасқа толды. Ұзақ жылдан бері «Алматы ақшамы» газетін басқарып, қазақ баспасөзінде өзіне тән редакторлық қолтаңба қалыптастырды. Ұлттың ұлы тұлғалары туралы сүйекті дүниелер жазды. Өзі де ұлыларды ұлықтап жүріп, бірегей тұлғаға айналды.

Jas qazaq газетінің ұжымы қаламгерді мерейтойымен шын жүректен құттықтап, шығармашылық табыс тілейді.



ОҚЫРМАҢ ОЙЫ



Ұстаз ...ағыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың барлығына жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

(Әл Фараби)

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы бәрімізге жол көрсетті. Әлемде баламасы жоқ, ерекше бағдарлама. Бұл ұлттық сипатта, яғни қоғамдық, жеке тұлғалық сананың өзгеруі негізінде іске асады. Сондықтан рухани жаңғырудың басты насихатшылары — ұстаздар. Оның іске асырылатын негізгі алаңы — білім ордалары.

Рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары баршаға ұғынықты әрі бай. Басты мақсаты — Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына ену. Бағдарламаның білім саласына қатысты тұсы — келешек ұрпақты кемел білімге сусындататын үлкен мүмкіндік туғанында. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалының шындыққа жанасатындығы осыдан

қағидалары және жаңғырудың басты құндылықтары ретінде танылады. Олар:

Бәсекелестік қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Прагматизм. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану — мінез-құлықтың прагматизмі.

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен әуеніміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Білімнің салтанат құруы. Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді болу — көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа — эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

Сананың ашықтығы:

1. Адамға жер шарына қатысты және өз елінің айналасында болып жатқан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



байқалады. Өйткені келешек — нағыз білімді азаматтардың дәуірі.

Білім беру барысында қойылатын мақсат жетерлік. Біріншіден — сапалы білім, екіншіден — рухани адамгершілік. Заманауи құралдарды қолданып, сабақ берудің әдіс-тәсілін жетік менгеріп, жан-жақты ақпарат беру арқылы жас ұрпаққа сапалы білім беру — мұғалімнің басты міндеті. Жалпы білім беруде жана технологияларды енгізе алатын, оқу үрдісінде үнемі ізденісте болатын, кәсіби жағынан шебер, шығармашыл ұстаздар — жаңғырудың бастауы. Ал ондай ұстаздарға сұраныс артып келеді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаланың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» деп аталатын бірінші тарауында: «Тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың» алты бағыты атап көрсетіледі. Сол бағыттар жаңғыртудың

мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді.

2. Жана технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.

Осы құндылықтарды әр оқушының бойына сіңіру арқылы еліміз болашақта дамыған 30 елдің қатарына кіретіндігін Нұрсұлтан Назарбаев нақты атап айтты. Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы: «Білім — бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді». XXI ғасырда білім бірінші орында деп айтсақ, қателеспейміз. Білім — ол жабық есіктердің кілті болып табылады. Ал білімді болуға ықпал ететін, тұлғаны дамытатын — рухани жаңғыру.

Терең білім — тәуелсіздігіміздің тірегі. Жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеу үшін ұлттық кодты сақтап, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға қалыптастыру — ұстаз алдындағы негізгі міндет.


Нұрбике ЗӘУІРБЕКОВА,
техника ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті физика кафедрасының
аға оқытушысы
Сандуғаш МАХАНБЕТОВА,
физика магистрі



Ақаннан қалған жәдігер



Қазақ өнінің құлагері Ақан серінің Ақтоқтыға сыйға тартқан жүзігі әлі күнге дейін ұрпақтарының қолында өкен. Жәдігер зат Ақтоқтының жиен немересі Орынбасар Төкеноваға анасы Қанипадан қалыпты. Көкшетауда тұратын Ақтоқты арудың ұрпағының айтуынша, өншінің 150 жылдық мерейтойында Сәкен Жүнісов жүзікті мұражайға өткізуді ұсыныпты. Бірақ асылдың сынығы анасының аманатын мұражайға өткізбеген. Көшірмесін жасап беріпті. Ұлы махаббаттың куәсіндей болған жәдігердің ою-өрнегі, бедері қаз-қалпында.



Табиғат тынысы

Фото: Галия КАЛИБЕ

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрдаулет ТАЛҒАТҰЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
**Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2160;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.